

Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан еуропалық қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) Тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 22 қыркүйектегі N 660 Жарлығы
Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан еуропалық қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) Тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттаманың жобасы
мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Константин Васильевич Жигаловқа Қазақстан Республикасының атынан көрсетілген хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н. Назарбаев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 2 қ ы р к ү й е к т е г і
N 6 6 0 Ж а р л ы ғ ы м е н
МАҚҰЛДАНҒАН

Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттаманың жобасы

Қазақстан Республикасы, бір тараптан және
Еуропалық Қоғамдастық екінші тараптан,
мыналарды :

бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық
қоғамдастық пен оның мүше елдері арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы
келісімге (бұдан әрі - ӘЫК) 1995 жылы қол қойылғанын және 1999 жылғы 1 шілдеде
күшіне енгенін ;

ӘЫК қағидаттары басқа тауарлардың саудасы үшін қолданылатынына, сондай-ақ
тоқыма өнімдері саудасында да ресмилікпен қолданылғанына кепілдік беру үшін
келіссөздер жүргізілгенін ;

ӘЫК-ге тиісті өзгерістер қабылдануы тиіс екенін ескере отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

ӘЫК осымен былайша өзгертілді:

- 1) 11-баптағы 16-бапқа сілтеме алып тасталады;
- 2) 16-бап алып тасталады.

2-бап

Хаттама ӘЫК-нің ажырамас бөлігін құрайды.

3-бап

Осы хаттама Тараптар бір-біріне осыған қажетті мемлекетішілік рәсімдердің
аяқталғаны туралы хабардар еткен күннен кейінгі айдың бірінші күні күшіне енеді.

4-бап

Осы хаттама қазақ, орыс, болгар, чех, дат, нидерланд, ағылшын, эстон, фин,
француз, неміс, грек, венгр, итальян, латыш, литван, мальта, поляк, португал, румын,
словак, словен, испан және швед тілдерінде екі данада жасалды, бұлардың әрқайсысы
теңтүпнұсқа мәтіндер болып табылады.

200_ жылғы "___" _____ Брюссель қаласында жасалды.

Қазақстан Республикасы үшін
Еуропалық Қоғамдастық үшін